

Шұттай

БЕРЕКЕ — БІРАКТЕ!

№19 (6579)

Сенбі

23 мамыр

2026 ЖЫЛ

Газет 1940 жылдан бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

Аудан тынысы

Әкім бірқатар нысандарды аралады

Аудан әкімі Аманжол Мырзабеков аудан орталығындағы бірқатар нысандарды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Алдымен Рәміздер алаңындағы қоршау жұмыстары тексеріліп, сапалы әрі уақытылы аяқтаудың маңыздылығы атап өтілді. Жұмысты мамыр айының соңына дейін аяқтау тапсырылды. Жоба аясында 1062 метр 3D қоршау және 35 метр темір қоршау орнатылады. Кейін алаңды қайта абаттандыру және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Аудан әкімі орталық сахна алаңындағы жаңарту жұмыстарымен де танысып, жауаптыларға жұмыстарды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды қатаң тапсырды. Қазіргі таңда эстрада алаңына жаңа төсемдер төселіп, айналасы абаттандырылып, заманауи келбетке келтірілуде.

Сонымен қатар, орталық алаңға жаңа LED экран орнатылып, елді мекеннің көркі одан әрі айықталды. Хандар алаңы мен кіреберіс айналма жол бойына гүлзарлар егілуде және оларды күтіп-баптау жұмыстары тұрақты жүргізілуде.



Айта кетерлігі, биыл аудан орталығында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Серікбай Асатов, Қаныш Нұртазинов және Тайжан Қалмағамбетов көшелеріне жаңа тротуарлар салынады. Қазіргі уақытта мердігер ұйым анықталып, құрылыс жұмыстары маусым айында басталады. Бұдан бөлек, «Таңбалы тас» және «Ұлар» саябақтарын қайта жаңғырту мен абаттандыру жұ-

мыстары да жоспарланған.

Аудан орталығының инфрақұрылымын дамыту, тұрғындарға қолайлы әрі заманауи орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда. Әкімдіктегі жауапты мамандар барша тұрғындарды атқарылып жатқан жұмыстарға жанашырлықпен қарап, жаңадан салынған нысандарды таза әрі ұқыпты ұстауға шақыруда.

Форум

Ұлытау ауданында облыстық Қоғамдық даму басқармасы мен аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен ауқымды облыстық жастар форумы өтті. Іс-шараға Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалалары мен Жаңаарқа, Ұлытау аудандарынан 80-ге жуық белсенді жас қатысты. Әр өңірдің өкілдері өз бастамаларын таныстырып, жастар саясаты саласында атқарылып жатқан жұмыстарымен бөлісті.

Жаңа белесті бағындыру – жастардың қолында



Форумға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының сектор меңгерушісі Қайрат Баймұлыдинов және «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев қатысып, жастарға ізгі тілектерін жеткізіп, тағылымды ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Алмат Сакипов жастарды құттықтап, олардың қоғам дамуына қосқан үлесінің маңыздылығына тоқталды.

Форум барысында қатысушылар тәжірибе алмасып, ортақ идеяларды талқылап, жаңа серіктестік байланыстар орнатты. Іс-шара жастардың белсенділігін арттыруға және өңірлер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Мамандар мен қатысушылардың пікірінше, бұл кездесу алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға негіз болатын маңызды бастама болды.

Ізбасар ОЙБАС.

Мереке шуағы

Майталмандар мерейі

Бейсенбі күні аудан орталығында Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай мерекелік шара өтті. Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбек аталған сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, жүрежкарды лебізін білдірді.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

– Мәдениет пен өнер – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Сіздер, шығармашылық мамандықтардың өкілдері, мәдениеттің дамуына үлес қосып қана қой-

май, рухани мұрамызды сақтап қалатын қалып іспеттісіздер. Өнеріміз өркендесін, мәдениетіміз мұқалмасын, – деді аудан әкімінің орынбасары.

→ 8-бет




ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІМЕН!

Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыру жаңа кезеңге өтті. Жуырда Президентіміз орта білім беру саласына жасанды интеллектті енгізу жөніндегі Жарлыққа қол қойып, мектептерді заманауи технологиялармен қамтамасыз ету және оқыту сапасын арттыру мақсаттарын айқындады.



Білім беруді жасанды интеллект арқылы жаңғырту



Ұлытау облысының Білім беру басқармасы басшысының орынбасары Маратбек Төребековтің айтуынша, бұл бастама оқыту процесін тиімді әрі икемді етуге, әрбір оқушыға жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді цифрландыру мектеп инфрақұрылымын жаңғыртуды, заманауи платформаларды қолдануды және оқыту әдістерін әр оқушының қажеттіліктеріне бейімдеуді көздейді. Жасанды интеллект технологиялары оқушылардың оқу қарқынын ескеріп, білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізеді, – дейді ол.

Жарлыққа сәйкес, 2026 жылғы 1 тамызға дейін пилоттық жобалар аясында мектептерге тұрақты жоғары жылдамдықты интернет орнатылып, техникалық жабдықтар жеткізіледі. Ал 1 қыркүйекке дейін жасанды интеллект қолдану стандарттары бекітіледі.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, Үкіметтің басты бағыттарының

бірі – шағын жинақты ауыл мектептерін қолдау. Пилоттық жобаға еліміздегі 2 600 ауыл мектебінің ішінен 500 мектеп қатысады. Бұл тәжірибе цифрлық технологияларды нақты жағдайға бейімдеуге, білім сапасын арттыруға және мектеп басқаруын жақсартуға мүмкіндік береді.

– Облыстағы 87 білім беру ұйымында жасанды интеллект элементтері «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінде қолданылуда. Сондай-ақ, оқушыларды ҰБТ, МОДО және халықаралық зерттеулерге даярлау үшін Testter.kz, BilimLand, Google Workspace for Education және Aqyl AI сияқты платформалар пайдаланылады. Бұл платформалар оқу жетістіктерін талдауға, білім олқылықтарын анықтауға және жеке оқу траекториясын құруға көмектеседі.

Облыста 5 341 педагогтің 3 547-сі цифрландыру және жасанды интеллект қолдану бағытында оқытудан өтті. «Өрлеу» орталығы мен «USTAZGAAI» жобасы

аясында өткізілген курстар практикалық бағытта, сабаққа ЖИ құралдарын енгізу мен инновациялық әдістерді қолдануға арналған.

Барлық 87 мектеп интернет желісіне тұрақты қосылған. 46 мектеп Starlink жерсеріктік технологиясына қосылып, 150 Мбит/секунд жылдамдыққа қол жеткізді. Бұл шалғай ауыл мектептеріндегі оқушыларға сапалы цифрлық білім ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді, – дейді Маратбек Жақыпбекұлы өз сұхбатында.

Сайып келгенде, цифрлық трансформация – уақыт талабы. Жасанды интеллект арқылы оқыту сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби әлеуетін күшейту және әр оқушыға сапалы білім беру мүмкіндігі кеңейе түседі. Ұлытау облысындағы бастамалар еліміздің білім саласын жаңа деңгейге көтерудің нақты қадамы болып табылады.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Ата Заң – еркін өмірдің кепілі

Қазіргі қоғамда жастардың белсенділігі – мемлекеттің дамуы мен болашағының басты көрсеткіштерінің бірі. Жас ұрпақ ел өміріне араласып, қоғамдық жұмыстарға қатысып, түрлі бастамалар көтеру арқылы қоғамның қозғаушы күшіне айналып келеді. Осындай белсенділіктің негізінде конституциялық құндылықтарды құрметтеу мен заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің негізгі заңы және тәуелсіздігіміздің берік тірегі. Конституцияда әр азаматтың құқықтары мен бостандықтары, міндеттері мен жауапкершілігі айқын көрсетілген. Жастар осы құндылықтарды терең түсініп, күнделікті өмірде ұстанғанда ғана әділетті әрі дамыған қоғам қалыптасады.

Бүгінде жастар арасында патриоттық бағыттағы іс-шаралар, пікір сайыс турнирлері, еріктілік қозғалыстары, құқықтық сауаттылық кездесулері жиі ұйымдастырылуда. Мұндай шаралар жас буынның азаматтық көзқарасын қалыптастырып, елге деген жауапкершілігін арттырады. Әсіресе, Конституцияны насихаттау бағытындағы түсіндіру жұмыстары жастардың заңға құрметпен қарауына оң әсер етуде.

Конституциялық құндылықтардың негізгі мақсаты – ел бірлігі мен тұрақтылығын сақтау. Татулық, теңдік, адам құқықтарын құрметтеу, заң үстемдігі секілді қағидалар қоғамдағы келісімнің негізі болып саналады. Жастар осы ұстанымдарды қолдап, қоғамда белсенділік танытқанда мемлекет те нығая түседі.

Қорыта айтқанда, жастардың белсенділігі мен конституциялық құндылықтарды дәріптеу – болашаққа бастар маңызды қадам. Саналы, білімді әрі белсенді жастар – елдің жарқын келешегінің кепілі.

Нүргүл МАЖИТ,
аудандық Жастар ресурстық орталығының инспекторы.

Заң мен тәртіп

Адалдық, қауіпсіздік, болашақ форумы өтті

Ұлытау ауданында қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайту, заң үстемдігін дәріптеу және жастар арасында адалдық пен қауіпсіздік қағидаларын қалыптастыруға арналған «Заң мен тәртіп: адалдық, қауіпсіздік, болашақ» форумы ұйымдастырылды. Іс-шараға аудан тұрғындары, жастар, құқық қорғау органдары мен сала мамандары қатысты.

Форум барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық қауіпсіздік, интернет-алаяқтықтың алдын алу, есірткі қылмысына қарсы күрес және цифрлық гигиена мәселелері кеңінен талқыланды.

Аудан әкімі Аманжол Мырзабеков форумының ашылуында қоғамдағы тұрақтылық пен тәртіп халық пен билік арасындағы өзара сенімге негізделетінін атап өтті. Мемлекеттік қызмет істері

агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Сырым Салиханов сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызын, адалдық пен ашықтықтың қоғам дамуы үшін негізгі қағидат екенін жеткізді. Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілі Айгүл Жайлыбаева интернет-алаяқтық пен қаржылық қауіпсіздік мәселелерін сөз етсе, Полиция депар-



таментінің өкілі Серік Нұртаев есірткі қылмысының алдын алу және жастарды зиянды әдеттер-

ден қорғаудың маңызын атап өтті. Прокурор Еркен Баймағамбетов заң үстемдігі мен құқықтық

сауаттылық қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін түсіндірді.

Форум аясында интерактивті бөлімдер ұйымдастырылып, жастар арасында АҚ-74 автоматты шашып-жинау сайысы өткізілді. Сондай-ақ кинологиялық қызмет пен арнайы жасақтың көрсетілімдері ұсынылды, бұл қатысушыларға тәжірибе мен қызықты ақпаратты бірге көріп-білу мүмкіндігін берді.

Шара соңында қатысушыларға алғыс айтылып, заң мен тәртіпті сақтау, адалдықты дәріптеу және қауіпсіз қоғам құру – баршаға ортақ міндет екені атап өтілді.

Аманкелді АҚШАЛ.

Имандылық иірімдері

Құрбан айт – мұсылман әлеміндегі ең ұлық мерекелердің бірі. Ол Ораза айттыңан кейін жетпіс күннен соң басталып, үш күнге созылатын мейрам. Бұл күндері мұсылман қауым құрбандыққа мал сойып, көпшілік жиналған ортада үгіт-насихат, өсиет айтып, бір-біріне құрмет көрсетеді. Қасиетті мерекенің мән-мағынасы – осында.

Осы орайда, қоғамда ізгілікті арттыратын рухани мереке – Құрбан айттың амал-сауаптарын жалпы қауымға түсіндіру мақсатында Ұлытау ауданының бас имамы Жанболат Рақымбердиевпен сұхбаттасқан едік.

– **Жанболат мырза, Құрбан айт – мейірім мен қуаныш мерекесі ғой. Сондықтан, әңгімеізді Құрбан айттың дініміздегі орнынан бастасақ...**

– Құрбан айт – мұсылмандар үшін ең маңызды мерекелердің бірі. Ол Ораза айтпен қатар исламдағы басты мейрам саналады. Құрбан айт ислам күнтізбесіндегі зұлхиджа айының 10 күніне сәйкес келеді. Осыған байланысты мереке күні жыл сайын өзгеріп отырады. Биыл мерекенің бірінші күні – 27 мамыр сәрсенбіге сәйкес келіп тұр. Бұл күн ресми демалыс күні болып белгіленді. Кейінгі күндері 28 бен 29 мамыр жұмыс күндері болып есептеледі.

Ал, «құрбан» сөзі араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Оның шаригаттағы мағынасы – Алла Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен белгілі бір уақытта ереже – шарттарын сақтай отырып мал шалу деген сөз. Құрбан

Құрбан айт – ғибраты мол мереке



шалу – жай ғана мал сою емес, ол шаригат талаптарына сай орындалатын жауапты құлшылық.

Жалпы айтқанда, Құрбан айт – Алла Тағаланың разылығы үшін құрбан шалу арқылы пенденің ықыласы мен тақуалығын көрсетеді. Құрбан айт та намазбен басталады. Әр өңірде өзінің уақытына сай, күн найза бойы көтерілген соң, мешіттерде айт намазы оқылады да бәрі құрбан шалуға кіріседі. Айттың осы бірінші күнінде адамдар бір-бірін құттықтап, әр үйдегі жайылған дастарқаннан дәм татады. Құрбан айтта бауырсақ, шепек нан пісіріліп, дастарқан мәзірі дайындалады. Айтқа ниеттеніп дайындалушыны немесе ынта-ықыласымен құрбандық шалушыны Тәңір мейіріміне бөлейді. Осы айт күндері үш күн ішінде жағдайы келген мұ-

сылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Рабыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған. Ең бастысы, айт күндері ортақ ғибадат – құрбандық шалу. Бұл айтулы мерекенің ең маңызды амалы. Бүгінгі күнге дейін ұлық мейрамда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, көңілі жабырқаған жанға қуаныш сыйлау, мұқтаж адамға құрбандық етін таратып, сауап алу сынды ізгі амалдар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Ал, құрбан шалудың басты мақсаты – ет немесе қан емес, адамның жүрегіндегі ықылас, шынайы ниет екенін көрсетеді. Түсіне білсек, әрбір мұсылман баласы Аллаһ разылығы үшін мүмкіндік болса, құрбандық шалғаны – сауап.

– **Енді мынаны айтыңызшы, Құрбан айттың рухани мән-мағынасы қандай? Осы туралы да ақпарат бере кетсеңіз...**

– Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мереке. Ұлық мейрамның тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарын, шынайы ниеттерің» («Хаж» сүресі 37-аят) делінген. Сондықтан, құрбандық – тек діни рәсім ғана емес, ол – ізгілік, жомарттық және қоғамдағы өзара қамқорлықтың көрінісі. Құрбан айт – жүректерге жылулық сыйлайтын, адамдарды жақындастыратын рухани мереке.

– **Құрбандыққа қандай малдар шалынады?**

– Құрбандыққа бес жасар түйе, екі жасар сиыр, бір жасар қой-ешкінің еркегі де, ұрғашысы да шалына бекреді. Түйені өзі немесе жеті адамға дейін бірігіп шалады. Ірі қара малын өзі немесе жеті адамға дейін бірігіп шалуға болады. Бір жастан асқан қойды бір адам ғана шалады. Шалынатын малдар ақсақ, арық, соқыр, құлағы жоқ болмауы керек. Сондай-ақ, мүйізі де бүтін болу шарт. Разылыққа жету үшін дұрыс мал сойылуы тиіс. Құрбан шалатын жерге малды ұрмай-соқпай апарып, малды құбылаға қаратып сол жағымен жатқызады. Мал бауыздалмай тұрып аят оқылады. Аят білмесеңіз, дұға оқуға болады. Оқып болған соң «Бисмилләһи Аллаһу акбар» деп малды абайлап бауыздайды. Малдың жаны шығып болғанға дейін оның терісін сыпырмайды

және қаны толық ағып біткенін күтеді. Құрбанға шалғанға дейін де, кейін де сол жер таза болуы тиіс. Ол құрбан құлшылығына деген құрмет. Бір айта кетерлігі, Құрбандық шалу айттың бірінші күні Айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшам намазына дейін шалынады. Айтқа арналған мал құрбан айтта бауыздалмаса, малдың өзін садақа ретінде беруге болады.

– **Құрбан етін үлестіру әдебін де түсіндіре кетсеңіз.**

– Алла Тағала үшін маңыздысы – құлшылықтың формасы емес, мағынасы. Құрбан шалынғаннан кейін оның етін дұрыс үлестіру – шаригаттағы маңызды амалдардың бірі. Сүннет бойынша ет үш бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлігі – өз отбасына, екіншісі – туыстар мен көршілерге, ал үшінші бөлігі – мұқтаж жандарға беріледі. Құрбандық етін ұзақ сақтамау керек. Реті келсе, мүмкіндігінше тез таратып жіберген дұрыс. Құрбандық шалу – мақтану емес, шынайы ықыласпен жасалуы тиіс. Өйткені, мұқтаж жандарға құрметпен қарап, олардың абыройын сақтай отырып көмек көрсету – исламның әдебі.

– **Әңгіме түйінделер тұста, Құрбан айт мерекесі жайында жамағатқа ой сала кетсеңіз...**

– Құрбан айт күндері жасалған әрбір жақсылық – үлкен сауапқа кенелтеді. Сондықтан, Құрбан айт – тек діни мейрам емес, адамгершілік пен мейірімділіктің ұлы мектебі деп түсінген абзал. Алла Тағала ниеттерімізді қабыл етіп, жасаған ізгі амалдарымызға береке берсін!

– **Шарапатты әңгімеңіз үшін үлкен рақмет!**

Сұхбаттасқан
Қайрат ЖҰМАБАЙ.

Мәдениет



Ардагерлер «Отырар» көрмесін тамашалады

Сейсенбі күні «Ардагерлерді ардақтайық» және «Ұлттық мұра» жобалары аясында «АМАНАТ» партиясы Ұлытау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Думан Жұмановтың ұйымдастыруымен ауыл ардагерлері «Ұлытау» сапар орталығындағы Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының «Отырар мұрасы: мәдениет, ғылым және руханият» атты көрмесін тамашалады.

Көрме барысында ардагерлер халқымыздың бай тарихи-мәдени мұрасын айшықтайтын құнды жәдігерлермен танысып, көне Отырар өркениетінің тарихы мен рухани құндылықтары жөнінде мол мағлұматтар алды.

Өз кезегінде «Құрмет» орденінің иегері, белгілі қаламгер Мағзұмбек Машайықов аудандық партия филиалының бастама-сымен ұйымдастырылған тағылымды

шараға ризашылығын білдіріп, мұндай кездесулердің жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызы зор екенін атап өтті.

Сол күні көрмеге келген ардагерлер тарихи мұралармен танысып, ұлттық мәдениетімізді терең сезінуге зор мүмкіндік ала алды.

Ақсәуле ДИХАНБЕКҚЫЗЫ.

Қоғам. Адам. Заң

Отбасы – бақыт мекені

18 мамыр мен 8 маусым аралығында елімізде ҚР ИІМ тапсырмасына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгерлері – балаларды қолдап-қорғау механизмдерін жандандыруға бағытталған «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты флешмоб форматындағы ауқымды акция өтіп жатыр.

Акцияның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, полицияның имиджін арттыру және ведомстволық өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ, қоғамның назарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына аудару, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне көмек көрсету қағидатын және ішкі істер органдарына қоғамдық сенімді нығайту болып табылады.

Отбасындағы тыныштық – елдегі тұрақтылықтың кепілі. Біздің елде зорлық-зомбылыққа жол жоқ! Егер, Сіз немесе жақындарыңыз қауіпте болса, «102» – полиция қызметіне, «111» – сенім телефондарына хабар беру керек. Осындай

Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!

Ұлытау ауданы аумағында
18 МАМАРДАН 8 МАУСЫМ АРАЛЫҒЫНДА
«ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ӨТЕДІ

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ!

- Сыйластық
- Түсіністік
- Қолдау
- Қауіпсіздік

жағдай болса, үндемей қалмаңыз. Қорықпаңыз. Көмек сұраңыз. Қорғау – сіздің заңмен бекітілген құқығыңыз.

Асылзат ЖАНБЫРШИЕВА,
Ұлытау ауданы полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің отбасы зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны.

Тұлға

Зейнеп (Елизавета) Әлиханқызы Сәдуақасова 1903 жылдың 8 мамырында Омбы қаласында, Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның отбасында дүниеге келеді. Әкесінің өу баста тұла бойы тұңғышына қойған есімі Зейнеп болатын. Ол бала кезінде әкесінің қасында көп бола қоймаған болуы керек. Әлихан Нұрмұхамедұлы саясат пен журналистік қызметтен босамайды екен. Жаз маусымын бала Зейнеп Тоқырауындағы әкесінің туған жерінде өткізетін. Мұнда ол өзінің етбауыр туыстарының, ең бастысы, әжесі Бежекемнің (Әлиханның анасы Бегім ханым) маңайында болып, масайрап, бой жазатын. Ал басқа уақытта анасы және нағашы атасымен Омбы қаласында тұрады.

1918 жылы 15 жасқа толған шағында Семей қаласында ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін анасы Ольга Яковлевна өмірден өтеді. Патша үкіметі 8 жылға Самараға жер аударған әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлы мерзімін өтеп, Омбы қаласына оралуға рұқсат бермеген соң, отбасы Орынборға көшуге мәжбүр болады. Әкесі мен балалары осы жерде бастарын қосады. Өкінішке орай, қуаныштары ұзаққа созылмайды. Бұл кезде Зейнеп Орынборда қыздар гимназиясында оқитын еді. Ол оқуын ойдағыдай аяқтаған соң, 1920 жылы Томск университетінің медицина факультетіне құжат тапсырады. 1922 жылы Сталиннің пәрменімен Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады. Әкесі мен бауырының қасында болу үшін Зейнеп 1922 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. Университет басшылығы есімін ауыстыруды талап еткен соң, әкесінің келісімімен Зейнеп енді Елизавета Букейханова болып, аты-жөнін ауыстырады. 1923 жылдың сәуір айында Лиза мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, драматург, Қазақстанда ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі болған Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шығады. Екі жастың үйлену тойы Смағұлдың туған жері Көкшетау облысы, Ақжар ауданы, Жарқын ауылында өтеді. Смағұл Сәдуақасов белгілі қоғам қайраткері, жазушы, сыншы, ағартушы ретінде тарихта қалған тұлға. Лиза мен Смағұл Омбыда бірге өткерген кезден таныс болған.

Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған Лиза елімен енді хат арқылы немесе достарымен Мәскеуде кездесулері арқылы ғана байланысып тұрады. Әкесі мен қызының арасында ерекше байланыс болғандығы туралы естеліктерде жиі айтылады. Лиза әкесінің таныстарының ортасында көп болып, етене араласады. «Бір жолы ол маған Әлиханның тұтқыннан босатылу тарихын айтып берді. Лиза апаай князь Кугушевтің қызымен құрбы болған, сол достықтары қысталаң шақта да жақсы демеу болған еді», – деп жазады Сырым Бөкейханов, «Өткен күнде белгі бар» атты мемуарлар жинағында. Смағұлдың достары Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Нығмет Нұрмақовтың отбасыларымен жақсы араласады. Демеш Жүргеновамен (Өлімхан Ермековтың қызы) өмір бойы дос болып өтеді. Медицина факультетін аяқтаған соң ауруханаға медбике болып, жұмысқа орналасады.

1933 жылы жары Смағұл Кремль ауруханасында тосыннан өмірден өтеді. Смағұл Сәдуақасовтың өлімі жұмбақ күйінде қала берді. У беріп өлтіруі мүмкін деген болжам бар, себебі, ол Кеңес үкіметінің сол кезде Қазақстанда жүргізіп жатқан жер-су реформаларына қарсы шыққан болатын.

1937 жылы әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлы тағы да тұтқынға алынады. Лизаның әкесін соңғы рет көруі екенін жүрегі сезді ме екен? Әлихан Бөкейханды Бутырка түрмесіне алып кетіп бара жатқанда әкесі қызына «Мені іздеме, ешқайда жүгіріп әуре болма!» – деп, бір қоңырау шалу үшін рұқсат сұрайды. Сондағысы енді қайтып келмейтінін біліп, жалғыз қалып бара жатқан қызы Лизаны сақтандыру болғаны, әрине, айтпаса да түсінікті жайт.

Міне, осындай ел басына ауыртпалық түскен кезде бұрынғы Денсаулық Халық комиссары, сол тұста Дәрігерлер білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі Н.А. Семашко шынайы адамгершіліктің үлгісін танытып, азаматтық ұстанымын айғақтайды. Ол Әлихан Бөкейханды жақсы білетін, құрметтейтін еді және сол бір сұсты да сүреңсіз жылдары Лизаға мейірімін төгіп, көп қамқорлық көрсетеді. Алғашқыда лаборанттық қызметке қабылдап, кейін ғылыми қызметкер қылып орналастырады. Кәмететке толмаған ұлы Ескендірмен ғана қалған Лиза қызметке қызу кірісіп кетеді. Бұл уақыттарда оның көңілін аулайтын тек қана жұмысы болатын.

Әкесінен еш хабар ала алмай, алаңдап жүргенде 1941 жылы сұрапыл соғыс басталады. Елизавета Әлиханқызы дәрігер болғандықтан, алғашқылардың қатарында Солтүстік-Батыс майданының госпиталіне қызмет етуге аттанады. Смағұл мен Лизаның ұлы Кенка (Ескендір) өте бойшаң, ірі денелі жігіт болыпты. Үйде жалғыз қалған Ескендір де соғыстың алғашқы айларында жасына екі жас қосып жаздырып алып, халық жасағына жазылып, өз еркімен майданға аттанады. Тағдырдың жазуы, ол соғыстың алғашқы айларында-ақ оққа ұшып, қаза табады. Зейнеп Әлиханқызы 1943 жылы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, одан кейін «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен және 1944 жылдың қазан айында «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Бес жыл бойы майдан даласында болып, соғыстан медицина қызметінің майоры және 3-ші разрядты әскери дәрігер шенімен оралады. Мәскеуде оны қаңыраған үйі ғана күтіп тұрған еді. Майдан даласында жүргенде Зейнеп Әлиханқызы өзінен әжептәуір үлкен Макс Натанович Клейнманмен танысады... «Халық жауының» қызы деп, араласудан сескенетін көршілерінің ортасында жалғыз қалудан қорыққандықтан осы кісіге тұрмысқа шыққан едім», – деп, түсіндіреді ол бұл қадамы туралы кейінгі бір әңгімесінде.

Тектінің тұяғының талайлы тағдыры



Зейнеп Әлиханқызы Сәдуақасова – 3 дәрежелі әскери дәрігер. Солтүстік-Батыс майданы, 1942 жыл

Зейнеп Әлиханқызы Қазақстандағы әкесінің бауырларымен байланысын үзбейді. Әсіресе, әкесінің бауыры Әзіханның баласы Райымжанмен (Сырым Бөкейхановтың әкесі) ерекше жақсы қарым-қатынаста болады. Екеуі жиі хат жазысып тұрады. Зейнеп Әлиханқызы өмірден өткенше, бұл дәстүр үзілмейді.

Сондай хаттардың бірі былай басталады: «14.12.1945 жыл. Қымбатты Райымжан! Сенің өтінішіңді мен сол жолы-ақ, сенің бірінші хатыңды алған бетте орындаған болатыным: өзің консультациядан өтіп, қажеттігін өзің шешсін деп келістім... Енді өзіңнен екінші хат алған соң, мен оларды ықтияттап маған таяу жерде тұратын Академияның өкілінің қолына тапсыруға тырысамын. Не жазуды да білмей отырмын. Шынында да, біздің кездеспегенімізге бірталай уақыт өтіпті, сондықтан, біз шешуге тиісті біраз мәселе де жинақталып қалды. Сен менің басымнан өткен басты жағдайды – ұлымның опат болғанын білесің. Бұл деген енді қайтып айықпас қайғы-шер, бірақ, оны да бастан өткеруге мәжбүрміз. Менің екінші күйеуім бар, яғни, мен жалғыз емеспін. Соғыс бойы мен майданда болдым, майдандас достар таптым, медаль-ордендер мен майор атағын алдым. Кандидаттық диссертация қорғадым, 1945 жылғы 1 маусымда әскери қызметтен босадым да, сол кезден Медицина ғылымы академиясының бір институтының ғылыми хатшысы болып қызмет атқарамын. Жұмыстан бас алмаймын, зәріруге қол тимейді. Мен өзіме қымбат соншама адамдардан айырылдым, сондықтан, өзім бақытты болу үшін күш-қуат іздейтіндей халде емеспін. Мен толассыз іс үстіндемін – жұрт та айтады, өзім де білемін, жұмысты жаман атқармаймын. Келешекте докторлық диссертация болып қалуы ықтимал жұмыс әзірлеп жүрмін. Жалпы тұрмысым жаман емес, бірақ, бұл нағыз өмір емес қой, менің барымды жүйе мен соғыс жайпап кетті. Кенемнің қазасы менің нағыз аналық шаттығымды жұлып әкетті ғой, бірақ сол үшін мені кінәлауға бола ма?! Мен соның бәріне қайыспай төзе аламын, жұрт, сірә, мен соның бәрін жеп-жеңіл көтереді деп ойлайтын шығар. Саған ғана, бірінші рет іштегі шерімді тарқатып жазып отырмын. Зауқың соққанда хат жазарсың. Мен естерінде қалған адамдардан хабар алсам мерейленіп, көңілім көтеріліп қалар еді. Менің атымнан ұлдарыңның бетінен сүй. Бар жақсылықты тілеймін. Лиза».

Хатта баяндағанындай Зейнеп Әлиханқызы әскери қызметтен босаған соң, 1945-1948 жылдар аралығында Н.А. Семашко атындағы БҒЗИ әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтау бөлімінің ғылыми хатшысы қызметін атқарады. 1948-1959 жылдары КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде медициналық статистика бөлімінің меңгерушісі болады. 1959 жылдан өмірінің соңына дейін Әлеуметтік гигиена ғылыми зерттеу институтының статистикалық санитария бөлімін басқарады.

Зейнеп Әлиханқызы – өзінің ғылыми шығармашылық ғұмырында

санитарлық-статистиканың теориясы мен әдіснамасының мәселелерін терең зерттеген ғалым. Медицинада түсік тастау (аборт жасау) және оның әйел ағзасына қауіптілігі мен зиянын жан-жақты зерттеп, ғылыми түрде тұжырымдама жасаған алғашқы ғалымдардың бірі. Ғалым КСРО көлемінде медициналық статистика саласы бойынша сұранысқа ие мықты маман болған. Халықтың өсімі, көбеюі және туу көрсеткіші сияқты демографиялық мәселелермен КСРО-ның медицина тарихында тұңғыш рет шұғылданған ғалым болғаны белгілі. Кәсіби, білікті дәрігер ретінде көптеген күрделі, әрі жауапты оталарға қатысып, өзінің шеберлігімен жүздеген науқастардың өмірін сақтап қалған ақ халатты абзал жандардың бірі болады.

Зейнеп Әлиханқызы 1965 жылы «Түсік тастаудың әлеуметтік-гигиеналық мәселелері (Аборт как социально-гигиеническая проблема)» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғап, медицина ғылымдарының докторы дәрежесін иеленеді. Осы саланың Одақ бойынша ең мықты мамандарының біріне айналады. Бұл туралы Сырым Бөкейханов «Өткен күнде белгі бар» мемуарлар жинағында: «Лиза апаай медицинадағы статистика жөнінде Кеңес Одағы бойынша көрнекті ғалым болатын, сол себепті, ол кісіні диссертация қорғауларына оппонент ретінде бүкіл республикаларға жиі шақыратын» – деп жазады.

Халық денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының құрылымын оқып, үйренуде ғалымның жұмыстары: санитарлық көрсеткіштердің талдауына, КСРО-дағы халықтың денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының себептерін оқып, үйренуге негізделді. Кеңестік денсаулық сақтау саласы үшін бұл өте маңызды еді. Жалпы ғалымның ғылыми тұрғыда негізделген еңбектері XX ғасырдың ортасындағы КСРО-дағы статистика мен медицинаның дамуы үшін маңызды дереккөздер болды. Ол 1967 жылы медицина саласының профессоры ғылыми атағын абыроймен қорғайды. Зейнеп Әлиханқызының 1969 жылы «Отбасын жоспарлаудың әлеуметтік-гигиеналық аспектілерін реттеу» атты ғылыми маңызы зор монографиясы жарыққа шығады. Ғалым-дәрігердің бұл еңбегі КСРО тарихындағы түсік тастау мәселесіне қатысты жазылған алғашқы ғылыми еңбек болып саналады. Күні бүгінге дейін Ресейдің медициналық оқу орындарында осы еңбекті басшылыққа алып, оқу процесінде қолданады екен. Түсік тастау мәселесі қазіргі қоғамның да өзекті мәселесі болып қала береді. Бұдан басқа бірнеше ғылыми еңбектері: «Санақ кезіндегі КСРО халықтарының денсаулығын комплексті тексеру» – 1970 жыл, «Кейбір шетелдердегі ана өлімі және осы көрсеткішті есептеу әдісі», «Туу көрсеткішін шектеу жөніндегі іс-шаралар және оның халықтың өсіміне ықпалы» сияқты өзектілігін әлі де жоймаған көкейтесті мақалалары ғылымда үлкен сұранысқа ие екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оның медицина ғылымына қосқан орасан зор үлесі тарихи маңызын ешқашан жоғалтпасы анық.

Зейнеп Әлиханқызының төңірегіндегі жандарға қашанда сыйлы болғаны күмәнсіз. «Ол кісінің жоғары деңгейдегі адамгершілігі, достарына деген ақ ниеті, адалдығы, жақсылыққа деген ізгі пейілі, қашанда айналасына көмектесіп, демеп жіберуге әзір ынтасы біздің қатал да көбіне сүреңсіз болмысымызда да шын мағынасындағы интеллигенттердің бар екендігіне менің көзімді еріксізден жеткізген болатын», – дейді Сырым Бөкейханов өз естелігінде. Әкесі Әлиханға тартқан қасиеттерінің бірі оң істі қорғау сәтіндегі айрықша принципшілдігі, жеқсурьндармен ешбір мөмілеге келмейтіндігі, қоғамдық жұмыс дегенде тыным таппайтындығы екен. Адал қызмет ету – өмірінің негізгі кредосы болған.

1971 жылы маусымның 21-нен 22-іне қараған түні Зейнеп Әлиханқызы өмірден өтеді. Дәрігерлердің білім жетілдіру институтының өкілдері мәйітін өзі жұмыс істеген институтқа апарып, азаматтық жаназасын өткізеді. Жаназасын өткізгенде әріптестері, министрліктің өкілдері, аудан басшылары, партия қайраткерлері, студенттер көп жиналады. Мәйітті кремациялағаннан кейін сауытты Новодевичье зиратындағы қабырғаға орналастырады. Әкесі Әлихан Бөкейхан да, қызы да өздерінің мәңгілік мекенін Отанынан жырақ жерде тапты. Райымжан Бөкейханов өз естелігінде: «Азаматтық жаназада қайғыдан бүгіліп, егіле жылады. «Мұнда, Россияда қазақ қызын ақырғы сапарына етжақын адамдарындай шығарып салып жатыр ғой!» – деп қайталай бердім» деп, жазады. Бұл, әрине, әлі жетпісінші жылдардың басы, Әлихан Бөкейхан ақталмаған кез. Сондықтан да Зейнеп Әлиханқызына өзінің атамекенінде орын жоқ еді.

Қазақстан Тәуелсіздігін қалпына келтіргеніне 35 жылдың жүзі болыпты. Кеше өз елінің тәуелсіздігі үшін бар өмірін, отбасын, ұрпағын құрбандыққа шалып кеткен, Ұлт көсемінің аяулы перзенті Зейнеп Әлиханқызы Сәдуақасованы еске алып, өскелең ұрпаққа таныстыру – азаматтық парызымыз.

8 мамыр – Зейнеп Әлиханқызының туған күні. Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері болған тұлғаның жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады.

«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, таңдайды құз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, қатерге басын қияды. Жақсы-жаман деместен, жанына жұртын жияды».

**Кәмшат АБДРАХМАНОВА,
Қарағанды медицина университеті
Қазақстан тарихы және ӘСҒ кафедрасының
ассистент-профессоры.**

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шарушылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Перечень земельных участков, выставляемых на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из земель сельскохозяйственного назначения

Лот №	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен арақашықтығы км) Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа, среднее расстояние, км.)	Өңірдің ауыл шаруашылығы на мамандануы Сельскохозяйственная специализация региона	Жалпы ауданы, га Жалға беру мерзімі, жыл Общая площадь земельного участка, га Срок аренды, лет	Бөгде пайдаланудағы жерлер Земли постороннего пользования	Алқаптардың құрамы, оның ішінде Состав угодий, из них					Топырақтың сапалық сипаттамасы, Качественная характеристика почв	Балл бонитеті балл бонитета	Сумен қамтамасыз етілуі Водообеспеченность
					Егістік Пашня	Жайылымдық Пастбища	Шалбындық Сенюксы	Другие земли	Бақалықтар			
1	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 28,8 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Коскольский, в 28.8 км юго-западнее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	2229.8 га 49 жыл/лет	-	-	1 945.0	-	284.8			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
2	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Терісаққан ауылдық округі, Терісаққан ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 24,8 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Терсаққанский, в 24.8 км юго-западнее села Терсаққан	мал шаруашылығы/ животноводство	480.1 га 49 жыл/лет	-	-	475.8	-	4.3			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
3	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылдық округі, Ұлытау ауылынан шығысқа қарай 14,7 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Улытауский, в 14.7 км восточнее села Улытау	мал шаруашылығы/ животноводство	3548.7 га 49 жыл/лет	-	-	3 535.6	-	13.1			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
4	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенттік округі, Қарсақбай кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 24,3 км Область Ұлытау, район Улытауский, п.о. Карсақбайский, в 24.3 км юго-восточнее поселка Карсақбай	мал шаруашылығы/ животноводство	1000.7 га 49 жыл/лет	1.3	-	987	-	12.4			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
5	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенттік округі, Қарсақбай кентінен оңтүстік-батысқа қарай 37,1 км Область Ұлытау, район Улытауский, п.о. Карсақбайский, в 37.1 км юго-западнее поселка Карсақбай	мал шаруашылығы/ животноводство	1000.0 га 49 жыл/лет	0.1	-	988.2	-	11.7			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
6	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Егінді ауылдық округі, Егінді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 25,8 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Егиндинский, в 25.8 км северо-западнее села Егинди	мал шаруашылығы/ животноводство	163.6 га 49 жыл/лет	-	163.4	-	-	0.2			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
7	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жангелді ауылдық округі, Байқоңыр ауылынан солтүстікке қарай 30,9 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Жангильдинский, в 30.9 км севернее села Байқоңыр	мал шаруашылығы/ животноводство	2949.0 га 49 жыл/лет	-	-	2 943.1	-	5.9			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
8	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенттік округі, Жезді кентінен оңтүстік-батысқа қарай 15,5 км Область Ұлытау, район Улытауский, п.о. Жезды, в 15.5 км юго-западнее поселка Жезды	мал шаруашылығы/ животноводство	654.5 га 49 жыл/лет	1.2	-	645.5	-	7.8			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
9	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Борсенгір ауылдық округі, Борсенгір ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 35,2 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Борсенгирский, в 35.2 км юго-западнее села Борсенгір	мал шаруашылығы/ животноводство	2416.0 га 49 жыл/лет	-	-	2 407.5	-	8.5			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
10	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Терісаққан ауылдық округі, Терісаққан ауылынан оңтүстікке қарай 22,2 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Терсаққанский, в 22.2 км южнее села Терсаққан	мал шаруашылығы/ животноводство	152.0 га 49 жыл/лет	-	79.4	43.2	26.6	2.8			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
11	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 49,2 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Мибулакский, в 49.2 км северо-западнее села Мибулак	мал шаруашылығы/ животноводство	769.0 га 49 жыл/лет	-	-	750.6	-	18.4			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
12	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кенті, Жезді кентінен солтүстік-шығысқа қарай 17,2 км Область Ұлытау, район Улытауский, п. Жезды, в 17.2 км северо-восточнее поселка Жезды	мал шаруашылығы/ животноводство	1495.0 га 49 жыл/лет	-	-	1 485.1	-	9.9			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
13	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, босалқы жерлер, Мибұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 122 км обл. Ұлытау, район Улытауский, земли запаса, в 122 км юго-западнее села Мибулак	мал шаруашылығы/ животноводство	2000.0 га 49 жыл/лет	-	-	1998.3	-	1.7			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	
14	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 111,2 км Область Ұлытау, район Улытауский, с.о. Мибулакский, в 111.2 км юго-западнее села Мибулак	мал шаруашылығы/ животноводство	517.1 га 49 жыл/лет	-	-	515.6	-	1.5			Қамтамасыздалмаған Необеспечен	

Жалғасы. Басы 5 бетте.

15	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 31,7 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Коскольский, в 31.7 км юго-западнее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	1967.0 га 49 жыл/лет	-	-	1 506.3	-	460.7		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
16	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 55,8 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Мибулакский, в 55.8 км юго-западнее села Мибулак	мал шаруашылығы/ животноводство	1240.7 га 49 жыл/лет	-	59.2	1148.1	-	33.4		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
17	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 31,2 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Коскольский, в 31.2 км северо-западнее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	2892.0 га 49 жыл/лет	-	-	2722.2	-	169.8		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
18	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Амангелді ауылдық округі, Сарлық ауылынан оңтүстікке қарай 35,3 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Амангельдинский, в 35.3 км южнее села Сарлык	мал шаруашылығы/ животноводство	2078.0 га 49 жыл/лет	-	-	2062.2	3.8	12		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
19	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылдық округі, Ұлытау ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 53,9 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Ультауский, в 53.9 км юго-западнее села Ультау	мал шаруашылығы/ животноводство	625.9 га 49 жыл/лет	-	-	620	-	5.9		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
20	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенттік округі, Қарсақбай кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 39,3 км Область Ұлытау, район Ультауский, п.о. Карсақбайский, в 39.3 км юго-восточнее поселка Карсақбай	мал шаруашылығы/ животноводство	600.0 га 49 жыл/лет	-	-	596.5	-	3.5		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
21	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 14,8 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Коскольский, в 14.8 км юго-западнее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	2500.0 га 49 жыл/лет	-	-	2433.4	-	66.6		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
22	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Алғабас ауылдық округі, Бетбұлақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 43,4 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Алғабасский, в 43.4 км юго-восточнее села Бетбулак	мал шаруашылығы/ животноводство	1500.0 га 49 жыл/лет	-	-	1222.0	-	278		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
23	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Егінді ауылдық округі, Егінді ауылынан солтүстікке қарай 19 км Область Ұлытау, район Ультауский, с.о. Егиндинский, в 19 км севернее села Егинди	мал шаруашылығы/ животноводство	1404.0 га 49 жыл/лет	1.2	217.6	1180.3	-	4.9		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
24	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қаракенгір ауылдық округі, Бозтұмсық ауылынан солтүстік-батысқа қарай 34,2 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Каракенгирский, в 34.2 км северо-западнее села Бозтумсык	мал шаруашылығы/ животноводство	6000.0 га 49 жыл/лет	0.35	-	5866.25	118.6	14.8		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
25	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Жангелді ауылдық округі, Байқоңыр ауылынан солтүстік-батысқа қарай 37,9 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Жангильдинский, в 37.9 км северо-западнее села Байконур	мал шаруашылығы/ животноводство	3000.0 га 49 жыл/лет	0.05	-	2994.25	-	5.7		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
26	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан солтүстікке қарай 24,4 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Коскольский, в 24.4 км севернее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	342.0 га 49 жыл/лет	0.1	-	323.3	1.9	16.7		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
27	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ ауылдық округі, Мибұлақ ауылынан оңтүстікке қарай 59 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Мибулакский, в 59 км южнее села Мибулак	мал шаруашылығы/ животноводство	1294.0 га 49 жыл/лет	-	-	1267.3	-	26.7		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
28	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қаракенгір ауылдық округі, Бозтұмсық ауылынан солтүстік-батысқа қарай 34,2 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Каракенгирский, в 34.2 км северо-западнее села Бозтумсык	мал шаруашылығы/ животноводство	1650.5 га 49 жыл/лет	-	-	1607.8	24.5	18.2		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
29	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Егінді ауылдық округі, Егінді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 13,9 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Егиндинский, в 13.9 км северо-западнее села Егинди	мал шаруашылығы/ животноводство	1357.0 га 49 жыл/лет	0.9	409.3	940.7	3.5	2.6		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
30	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Терісаққан ауылдық округі, Терісаққан ауылынан оңтүстікке қарай 39,8 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Терсақканский, в 39.8 км южнее села Терсақкан	мал шаруашылығы/ животноводство	295.4 га 49 жыл/лет	-	-	294.9	-	0.5		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
31	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Терісаққан ауылдық округі, Терісаққан ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 39,6 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Терсақканский, в 39.6 км юго-западнее села Терсақкан	мал шаруашылығы/ животноводство	454.8 га 49 жыл/лет	-	-	453.8	-	1.0		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
32	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қаракенгір ауылдық округі, Бозтұмсық ауылынан солтүстік-батысқа қарай 52,2 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Каракенгирский, в 52.2 км северо-западнее села Бозтумсык	мал шаруашылығы/ животноводство	2566.4 га 49 жыл/лет	-	-	2 558.4	-	8.0		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
33	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қарсақбай кенттік округі, Қарсақбай кентінен оңтүстік-батысқа қарай 20,3 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, п.о. Карсақбайский, в 20.3 км юго-западнее поселка Карсақбай	мал шаруашылығы/ животноводство	2551.0 га 49 жыл/лет	-	-	2 545.1	-	5.9		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
34	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Амангелді ауылдық округі, Сарлық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 49,3 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Амангельдинский, в 49.3 км юго-западнее села Сарлык	мал шаруашылығы/ животноводство	2100.0 га 49 жыл/лет	-	-	2076.7	-	23.3		Қамтамасыздалмаған Необеспечен
35	Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18,6 км Обл. Ұлытау, р-н Ультауский, с.о. Коскольский, в 18.6 км юго-восточнее села Косколь	мал шаруашылығы/ животноводство	1500.0 га 49 жыл/лет	1.9	-	1 395.3	97.4	5.4		Қамтамасыздалмаған Необеспечен

Соңы 7 бетте.

Заң және тәртіп

Заң мен тәртіп – мемлекеттің мықты болуының басты негіздерінің бірі. Қоғамда тыныштық пен қауіпсіздік болуы үшін әр адам заңды құрметтеп, тәртіп сақтауы қажет. Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда тәртіпсіздік көбейіп, адамдардың бір-біріне деген сенімі азаяды. Сондықтан, заң – әділ өмір сүрудің кепілі.

Заң мен тәртіп – қоғам тірегі



Заң дегеніміз – мемлекет бекіткен ережелер жиынтығы. Ол адамдардың құқықтарын қорғайды және әр азаматтың міндетін айқындайды. Заң барлық адамға бірдей қызмет етеді. Бай немесе кедей, үлкен немесе кіші болсын, бәрі заң алдында тең. Бұл – әділетті қоғамның белгісі.

Тәртіп – адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің көрінісі. Тәртіпті адам қоғамдық орында өзін дұрыс ұстайды, үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқор болады. Сонымен қатар, мектеп ережесін сақтау, көшеде қоқыс тастамау, жол ережесін бұзбау да тәртіпке жатады. Осындай қарапайым әрекеттер қоғамның дамуына оң әсер етеді.

Қазіргі таңда жастардың заңды білуі өте маңызды. Себебі жасөспірім кезден бастап тәртіпке үйренген адам болашақта елінің пайдалы азаматы болады. Мектепте мұғалімді тыңдау, са-

баққа кешікпеу, өзгелердің құқығын құрметтеу – заң мен тәртіпке тәрбиелейді. Ата-ана мен ұстаздардың тәрбиесі де бұл жерде үлкен рөл атқарады.

Заң мен тәртіп сақталған жерде бейбітшілік пен тұрақтылық болады. Адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді, мемлекет дамиды. Ал тәртіпсіздік орын алған қоғамда қылмыс көбейіп, адамдар арасында түсініспеушілік пайда болады. Сондықтан, әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын орындауы тиіс.

Қорыта айтқанда, заң мен тәртіп – қоғамның тірегі. Заңды құрметтеу мен тәртіп сақтау әр адамның міндеті. Болашағы жарқын ел болу үшін барлығымыз әділдікке, жауапкершілікке және тәртіпке ұмтылуымыз керек.

**Ақнұр ДОМБАЕВА,
Ұлытау аудандық сотының
сот әкімшісі басшысы.**

Ұлытау ауданы Ақтас кентіндегі Кәсіподақ көшесін өзгерту бойынша тиісті аумақ тұрғындарымен өткен көпшілік тыңдаудың ХАТТАМАСЫ

Ұлытау ауданы Ақтас кенті 2026 жылғы «18» мамыр сағат 10:00 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясының нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақтық халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» заң аясында Ұлытау ауданы Ақтас кенті әкімдігінің өткізген отырыста тиісті аумақ тұрғындарының пікірі ескеріліп, көпшілік тыңдаудың нәтижесі хаттамамен рәсімделді.

Көпшілік тыңдаудың өткізілуі туралы ресми жариялау: «Ulytau» аудандық газетінің №14(6574) нөмірінде 2026 жылдың 18 сәуіріндегі шығарылымында және аудан әкімдігінің ресми сайтында жарияланды.

Көпшілік тыңдау өткізілді:

2026 жылдың 18 мамырында Тіркелген қатысушылар саны: 20 адам

Күн тәртібі:
Ұлытау ауданы Ақтас кентінің кейбір көшелерін қайта атау туралы:

1) Кәсіподақ көшесі – Байқоңыр көшесіне;

Тыңдалды:
1. Кент әкімі Азамат Баймағанбетов баяндама жасады.

Ұлытау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Қасымбеков Кәсіподақ көшесін қайта атау бойынша заң аясында түсіндіріп, көшелерді қайта атау бойынша толықтай түсініктеме берді.

Ақтас кентінің тұрғыны Гүлжан Жомартова көше атауын өзгертуге байланысты сауалын қойды.

Осы сауал бойынша Нұрлан Қасымбеков жауап берді.

- Көше атауын қайтадан беру Кәсіподақ атауы идеологиялық тұрғыдан ескіргендіктен Байқоңыр

атауына өзгерту берілу мәселесі тиісті заңнамалық құжаттардың талаптарына сәйкес, жүзеге асырылады. Еңбегі сіңген не болмаса өзге де тұлғалардың атын беру үшін заң шеңберінде бірнеше деңгейден өтетін рәсімделу жұмыстары бар. Ол уақыт пен жүйелі жұмысты талап етеді – деді.

Ақтас кентінде ұсынылған көшені қайта атау бойынша дауысқа салынып бірауыздан бекітілді.

Дауыс беру нәтижесі:

Кәсіподақ көшесін – Байқоңыр атымен атау бойынша көпшілік тыңдау барысында дауыс беру нәтижелері келесідегідей болды.

«Қолдады» -20 адам. «Қарсы болғандар» - жоқ, «Қалыс қалғандар» - жоқ.

Қорытынды: Кент тұрғындары көше атауын қайта атауды бірауыздан қолдады.

**Азамат БАЙМАҒАНБЕТОВ,
Ұлытау ауданы
Ақтас кентінің әкімі.**

Ұлытау ауданы Ұлытау ауылы Сельхозтехника көшесін өзгерту бойынша тиісті аумақ тұрғындармен өткен көпшілік тыңдаудың ХАТТАМАСЫ

Ұлытау ауданы Ұлытау ауылы 2026 жылғы «18» мамыр сағат 10:00

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясының нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақтық халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» заң аясында Ұлытау ауданы Ұлытау ауылы әкімдігінің өткізген отырыста тиісті аумақ тұрғындарының пікірі ескеріліп, көпшілік тыңдаудың нәтижесі хаттамамен рәсімделді.

Көпшілік тыңдаудың өткізілуі туралы ресми жариялау: «Ulytau» аудандық газетінің №14(6574) нөмірінде 2026 жылдың 18 сәуіріндегі шығарылымында және аудан әкімдігінің ресми сайтында жарияланды.

Көпшілік тыңдау өткізілді: 2026 жылдың 18 мамырында Тіркелген қатысушылар саны: 25 адам

Күн тәртібі:
Ұлытау ауданы Ұлытау ауылы кейбір көшелерін қайта атау туралы:

Сельхозтехника көшесі – Сарыарқа көшесіне;

Тыңдалды:
Ауыл әкімінің міндетін атқарушы Әділет Әбдірайым баяндама жасады.

Ұлытау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Қасымбеков Сельхозтехника көшесін қайта атау бойынша заң аясында түсіндіріп, толықтай түсініктеме берді.

-Көше атауын қайта өзгерту мәселесі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Атап айтқанда, «Сельхозтехника» атауының идеологиялық тұрғыдан ескіруіне байланысты оны «Сарыарқа» ата-

уына өзгерту туралы ұсыныс тиісті тәртіппен қаралатын болады.

Сонымен қатар, елге еңбегі сіңген тұлғалардың немесе өзге де атауларды беру мәселесі заңнама аясында бірнеше деңгейлі келісу және рәсімдеу жұмыстарынан өтуді талап етеді. Бұл өз кезегінде уақытты, жүйелі дайындықты және белгіленген рәсімдердің толық сақталуын қажет етеді, - деді.

Дауыс беру нәтижелері:

Сельхозтехника көшесін – Сарыарқа көшесі деп атау бойынша көпшілік тыңдау барысында дауыс беру нәтижелері келесідегідей болды.

«Қолдады» - 25 адам «Қарсы болғандар» - жоқ, «Қалыс қалғандар» - жоқ.

Қорытынды: Ауыл тұрғындары көше атауын қайта атауды бірауыздан қолдады.

**Әділет ӘБДІРАЙЫМ,
Ұлытау ауданы
Ұлытау ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушысы.**

Соңы. Басы 5-6 беттерде. ЕСКЕРТПЕ

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1)Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп,

тігілен түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) күзәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн өткен соң 2026 жылдың 22 маусымынан бастап, 2026 жылдың 13 шілде аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (ИСЖ)» веб-порталынан алынған мал басы туралы анықтама, меншігіндегі ауыл шаруашылығы техникасының техникалық төлқұжаты, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі – eGov.kz порталының жеке кабинетінен алынған тұрғылықты мекен-жайды растайтын анықтама құжаттарды қабылдау кезеңінде(22 маусым 2026 жылдан 13 шілде 2026 жылға дейін) өзекті болуы тиіс.Толық ақпаратты «Ұлытау облысы, Ұлытау ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мына байланыс телефон арқылы 8(71035) 2-13-22 хабарласуға болады.

ПРИМЕЧАНИЕ:

Участник, являющийся физическим и юридическим лицом, для участия в конкурсе представляет следующие документы:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

Конкурсное предложение должно содержать:

1)бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3)обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, от-

печатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении тридцати календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса с 22 июня 2026 года по 13 июля 2026 года. Со схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа и с уголков информации сельских округов и районного отдела земельных отношений.Справка о поголовье скота, полученная с веб-портала «Идентификация сельскохозяйственных животных (ИСЖ)», технический паспорт сельскохозяйственной техники, находящейся в собственности, а также справка, подтверждающая адрес проживания, полученная из личного кабинета портала электронного правительства Республики Казахстан – eGov.kz, должны быть актуальными на момент приема документов (с 22 июня 2026 года по 13 июля 2026 года).Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Улытауского района, Улытауской области по телефонам: 8(71035) 2-13-22

Кездесу

Ұлытаулық ардагерлер Сәтбаев қаласына арнайы сапармен барды



Жақында Ұлытау ауданының ардагерлері Сәтбаев қаласына арнайы сапармен барып, тағылымды саяхат жасап қайтты.

Ұлағатты бастаманың ілкімді негізде жүзеге асуына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің басқарма төрағасы Төлеген Бүкіров, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің Сәтбаев қалалық филиалының басшысы Абуалис Мулаков, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалының Ф.Омаров атындағы Шахта проходкалу тресінің басшысы Қайрат Керімқұлов ұйытқы болды.

Ұлт дәстүрінің ұстынын сақтаушы үлкендер қауымы алғашқы кезекте Шынболат Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында орналасқан Шынболат музейінде болды. Музейде кен өндірісінің тарихымен және құнды жәдігерлермен танысты. Аймақтың дамуына үлес қосқан тұлғалардың бейнебаяндарын тамашалады. Одан кейін ардагерлер ШПТ өндірісінің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, өндіріс орнын аралады. Өндірістің күнделікті жұмыстарымен жақынырақ танысты.

Әсіресе, аға буын өкілдері ғимараттағы заманауи жұмыстарды көріп, қызыға тамашалады. Ардагерлерді өндіріс жұмысымен басшысы Қайрат Ұзақұлы таныстырып, атқарылып жатқан қызмет бағыттары туралы жан-жақты ақпарат берді.

Көңілге қонымды орындарды қызықтап болған соң, аға буын өкілдері «Бақдәулет» тойханасында бас қосты. Үстел басында ардагерлер ортақ тақырып аясында ой толғап, кең сипатта әңгіме өрбітті. Іс-әрекеттердің нәтижесін бағамдап, тәжірибе алмасты. Жан жадыратар жарқын кездесуде Қайрат Ұзақұлы ШПТ өндірісінің 60 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған 25 қолсағатты ардагерлерге сыйға тартты.

Жалпы, кездесу тағылымы мол, достық атмосферада өтті. Жүзделуі барысында Қайрат Керімқұлов, Төлеген Бүкіров, Абуалис Мулаков аудан ардагерлеріне жылы шырай танытып, шын пейілмен қошемет білдірді.

– Бұл кездесу – аға буын өкілдерінің өзара байланысын нығайтып өткен мен бүгінді сабақтастырған, сыйластық пен құрметке толы есте қаларлықтай ерекше басқосу болды. Кездесу барысында Сәтбаев қаласының азаматтары бізді меймандос көңілмен қарсы алып, қонақжайлылық танытты. Шын мәнінде, жүзделу тағылымдық тұрғыда жоғары деңгейде өтті. Кездесуді ұйымдастырған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің басқарма төрағасы Төлеген Бүкіровке, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің Сәтбаев қалалық филиалының басшысы Абуалис Мулаковқа, ШПТ басшысы Қайрат Керімқұловқа аудан ардагерлері атынан ризашылығымызды білдіріп, алғысымды айтамын, – деді «Ауыл шаруашылығы қызметкерлері көсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің Ұлытау облысы бойынша филиалының төрағасы Мақсұт Оспанов.

Өз тілшімізден.

Майталмандар мерейі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Құттықтау сөзден кейін Алмаз Қайырбекұлы мәдениет саласында тер төгіп жүрген бірқатар сала мамандарын марапаттады.

Ұлытау ауданының Құрмет грамотасымен – аудандық мәдениет үйінің іс-шара ұйымдастырушысы Айнагүл Омарова, аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Бақыткүл Бейбітова, аудандық мәдениет үйінің операторы Ғабитбек Алпысбаев марапатталды. Сондай-ақ, ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін бір топ мәдениет қызметкерлеріне Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтың Алғыс хаты берілді.

Аталған марапатқа Қаракеңгір клуб үйінің режиссері Айттолқын Мұқанова, Борсеңгір ауылдық клуб үйінің меңгерушісі Лаура Рахмет, Егінді клуб үйінің меңгерушісі Анар Жұмаділова, Терісаққан ауылдық кітапханасының кітапханашысы Әсем Рысмағамбетова, Ақтас кенті кітапханасының кітапханашысы Әлия Нығмет, Қарсақбай кенті кітапханасының кітапханашысы Айнұр Жанұзақбаева, Жезді кенті мәдени-сауықтыру орталығының оркестр жетекшісі Кәусар Әбдухамитова, Жезді кенті мәдени-сауықтыру орталығының домбырашысы Нұрасыл Естаев иеленді.

Бұдан кейін ұлттық өнердің дамуына елеулі үлес қосып жүрген мәдениет пен өнер қызметкерлеріне «AMANAT» партиясының Алғыс хаты тапсырылды. Марапатқа ие болғандардың қатарында аудандық Балалар өнер мектебінің директоры Әмірхан Алпысбаев, Жезді кенті мәдени-сауықтыру орталығының директоры Айтбек Бейсенбаев, аудандық мәдениет үйінің бас есепшісі Сұлу Балдуова,

аудандық мәдениет үйінің кадр меңгерушісі Жанар Бегаева, аудандық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі Жолдасбек Рашит, Сарысу ауылдық клуб үйінің меңгерушісі Нұрболат Дадуров, Аманкелді ауылдық клуб үйінің қызметкері Баршынбек Әбілғазин, Аманкелді клуб үйінің күзетшісі Айтжан Сәрсенов, Жезді кенті кітапханасының кітапханашысы Жаңыл Қайсынова, Сарысу ауылдық кітапханасының кітапханашысы Мереке Асансейітова бар. Бұл марапаттарды мереке иелеріне «AMANAT» партиясы Ұлытау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Думан Жұманов табыс етті.

Марапаттау рәсімі тағы да жалғасты. «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігінің Ұлытау облысы бойынша өкілі Шаяхмет Үмбетов құттықтау сөз сөйлеп, өңір мәдениетінің дамуына үлес қосып жүрген мәдениет саласының қызметкерлерін марапаттады. Өуелі Шаяхмет Сейдахметұлы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағының III дәрежелі төсбелгісін Байқоңыр ауылдық клуб үйінің меңгерушісі Замира Әлтаеваның омырауына тақты. Одан кейін салалық кәсіподағының Құрмет грамотасымен Ақтас кенттік клуб үйінің меңгерушісі Жанар Нұржанованы марапаттады. Сарысу ауылдық клуб үйінің әдіскері Салтанат Қалқамбаеваға Алғыс хатты табыс етті.

Іс-шара мерекелік концертпен жалғасын тапты. Кеште Төлепберген Әбдірашев атындағы Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрі өнер көрсетті. Өнер ұжымы әлемдік және отандық классиканың жауһар туындыларын орындады.

Слет

Жуырда Жезқазған қаласында облыстық «Жас құтқарушылар» слеті өтті.

Аталған шараның мақсаты – балалар арасында салауатты өмір салтын дәріптеу, төтенше жағдай қаупі төнген кезде жеке және ұжымдық қауіпсіздік мәселелеріне саналы, жауапты қалыптастыру. Сондай-ақ, жасөспірімдерге әскери –патриоттық тәрбие беру болды. Слетті Ұлытау облыстық Төтенше жағдайлар басқармасы ұйымдастырды. Оған әр аудан-қалалардан 40 оқушы қатысты.

Слет барысында қатысушы-

Облыстағы «Жас құтқарушылар» слеті



лар түрлі кезеңдер бойынша бақ сынасты. Сайыста алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі ережелері, төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл әрекеттер және спорттық негізде өз шеберліктерін көрсетті.

Жарыс нәтижесінде, Ұлытау ауданының №1 мектеп оқушылары жүлделі екінші орынға иеленіп, арнайы дипломдармен марапатталып, 70 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Бұл марапаттарды Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департа-

ментінің бастығы, полковник Есен Байыров табыс етіп, оқушылардың жетекшісі Жандос Қапетке алғысын білдірді. Сөз соңында департамент бастығы №1 Ұлытау тірек мектебі оқушыларының қауіпсіздік саласына деген қызығушылығы мен белсенділігін айрықша атап өтті.

Осындай тағылымы мол шаралар жас ұрпақтың жауапкершілігін арттырып, кез келген төтенше жағдайда дұрыс шешім қабылдай білуіне үлкен септігін тигізері анық.

Өз тілшімізден.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VY00045634 куәлігі берілген.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы – 1000 дана
Көлемі – 4 баспатабақ
Тапсырыс – 19